Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Қаратау қаласы №2-015 « 8 » мамыр 2026ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы **Казангапов Максат Арапович** атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің **"Балалар мен жасөспірімдер орталығы "** мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны", Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы **Бескемпирова Айгул Шаймерденовна** атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алуға негізделген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығының 8 тармағының (Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы шарттар жасасу тәртібі) және «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **055-015-159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (Балаларға қосымша білім беру);

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;
2) техникалық ерекшелік (1-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 354962000.00 (Үш жүз елу төрт миллион тоғыз жүз алпыс екі мың тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт **055** Балаларға қосымша білім беру бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша – 354962000.00 (Үш жүз елу төрт миллион тоғыз жүз алпыс екі мың тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.
Қызмет көрсету актісінің нысанын Өнім беруші алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.
2.4 Орындалатын қызметтердің көлемі Шарттың 1 Қосымшасында көрсетілген.
2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:
1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;
3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
4) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
5) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
3.2 Өнім беруші:
1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге құқылы.
3.3 Тапсырыс беруші:
1) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
2) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.
3.4 Тапсырыс беруші:
1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге құқылы.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан **мониторинг** жүргізе алады. Бұл ретте осы мониторинг бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.
4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.
4.3 Егер **мониторинг** қорытындысы бойынша, көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 1-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды **мониторинг** жүргізілген сәтінен бастап 10 жұмыс күн ішінде қолданады.
4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшада көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.
6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 1-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.
6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс
6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8 Шарттың қолданыс мерзімі

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

9 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жамбыл облысы, Талас ауданы,
қ. Қратау, Павлова 2
БСН 120740016590
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ33070102KSN2101000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 6-22-88
Басшысы Казангапов Максат Арапович

_____
қолы

Өнім беруші:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балалар мен жас өспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»
Жамбыл облысы, Талас ауданы,
қ.Каратау, Абилда Акшораева, 12А
БСН/ЖСН 030840003721
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ086010161000187447
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 6-07-13
Басшысы Бескемпирова Айгул Шаймерденова

_____
қолы

Қосымша-1

Техникалық ерекшелік

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет көрсетудің мақсаты Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласының балаларына сапалы қосымша білім беру және Қазақстан Республикасынының білім беру саласындағы заңнамалық актілеріне, санитарлық-гигиеналық нормалар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылуы сәйкес.

2. Техникалық ерекшелік өзіне қосымша білім беру және қала балаларына жазғы демалыс және ойын-сауықтарды ұйымдастыру (бұдан әрі-Қызмет) бойынша қызметтік ерекшелікке басқа талаптарды қосады.

2. Негізгі сипаттамаларға талаптар

3. Қызмет білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түрлері айқындалатын балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру мекемелерінде жүргізіледі.

4. Қосымша білім беру мекемесі (әлеуетті өнім беруші) - жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесі үшін балалардың білімі мен мәдени сұраныстарын жан-жақты қанағаттандыру мақсатында балаларға арнап қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын іске асырушы оқу-тәрбие мекемесі:

1) ұлттық және жалпыадами құндылықтар, ғылым мен тәжірибеге қол жеткізу негіздерінде тұлғаның қалыптасуына, дамуы мен кәсіби шыңдалуына бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайларды жасайды;

2) тұлғаның, олардың қабілеттерін жүзеге асыру үшін шығармашылық, рухани, физикалық мүмкіндіктерін дамытады;

3) өзіндік қасиетті дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы парасаттылықты байытуға мықты ар-ождан мен салауатты өмір салты негіздерін қалыптастырады;

4) азаматтық пен патриоттыққа, Отанымыз – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттің рәміздері мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы мен қоғамға жат көріністерге төзбеушілікке тәрбиелейді;

5) тұлғаны белсенді азаматтық ұстанымға, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, өзінің құқықтары мен міндеттеріне тұлғаның саналы көзқарасын қалыптастыруға тәрбиелейді;

6) балаларды табиғатты қорғау жұмыстарына тарту арқылы оларды экологиялық мәдениетке тәрбиелейді;

7) қоғамдағы өмірге бейімдейді;

8) бос уақытты мазмұнды ұйымдастырады.

9) бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді, балалардың, ата-аналардың және басқа заңды өкілдердің бірлескен еңбегі және демалысы үшін қажетті жағдайлар туғызады.

5. Сапалы қызмет ұсыну үшін қосымша білім беру мекемесі (әлеуетті өнім беруші) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес бекітілген, 2-ауысымдық оқытумен 684 академиялық сағатқа (1 (бір) академиялық сағаттың ұзақтығы – 45 минут) есептелген оқытудың оқу жоспары мен қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары бойынша балаларды оқытуы тиіс.

6. Жұмыс уақыты ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.Оқу кестесін балалар үшін қосымша білім беру ұйымының әкімшілігі оқушылар үшін оңтайлы оқу тәртібін құру, олардың жас ерекшелігі, ата-аналары қалауы есебімен, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес құрады.

7. Қызмет 826 кем емес оқушыны қамтып, сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен қызметкерлер құрамына қойылатын талаптар

8. Сапалы қызмет көрсету мақсатында қосымша білім беру ұйымы (әлеуетті өнім беруші) Қызметті көрсету үшін:

1) бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес оқу сыныптарымен (аудиториялар) ғимараты, арнайы бөлмелер, кабинеттері (музыкалық, спорттық, театралдық, балетка арналған станоктары бар хореографиялық, БӨ-студиясы, цирктік студия) бассейн, лабораториялар, концерттік және басқа залдар, тиісті жиһаздармен қамтамасыз етілген, үйірме, клубтық, секциондық және басқа да сабақтар, іс-шаралар өткізетін залдармен, музыкалық, спорттық және басқа да құрылғылардың тиісті жағдайда болуын;

2) штаттық кестеге, біліктілік талаптары мен сипаттамаларға сәйкес негізгі және жұмылдырылған білікті педагогикалық қызметкерлері мен өзге де мамандарының болуын.

3) жұмыс істеуге рұқсаты бар әр қызметкердің жеке медициналық кітапшасының болуын;

4) оқытудың техникалық құралдарының болуын: проектор, экран, интерактивтік тақталар, компьютерлік, көшіру-көбейту техникасы;

5) театр-ағарту, механикалық құралдардың, музыкалыққұралдарының, киім бөлмесінің болуын;

6) коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету, интернет, телефон байланысының барлық құралдарының болуын.

4. Оқыту курсын және нәтижелеріне ұйымдастыруға қойылатын талаптар

9. Сапалы Қызмет көрсету шеңберінде қосымша білім беру мекемесі (әлеуетті өнім беруші)міндетті:

1) Тек кестеде бекітілген уақытта және білікті оқытушының қатысуымен білім берудің оқу жоспары мен қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары бойынша балаларды оқытуды қамтамасыз етуге;

2) оқу-әдістемелік қызметі жөнінде тиісті құжаттама жүргізуге.

10. Қызмет көрсету аясында қосымша білім беру мекемесі (әлеуетті өнім беруші)оқу-тәрбие бағдармаларын және жоспарларын, сабақ кестесін, орындалған жұмыстардың актілерін, қаржылық (қызметтің сметалық құны) және ақпараттық (шығармашылық) есептерді, материалдарды алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

11. Қосымша білім беру мекемесімен (әлеуетті өнім беруші) ақпараттық және шығармашылық есептер қызмет көрсету нәтижесінде электронды және қағаз тасымалдаушымен ұсынылады.

12. Қызмет көрсету аясында жасалған барлық ақпараттық және әдістемелік өнімдер (материалдар) және БАҚ, интернет беттерінде жариялауға арналған материалдар келісілген болуы тиіс және Тапсырыс берушіге сілтеме болуы қажет (Талас ауданының Білім бөлімі).

5. Ілеспе жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

13. Сапалы Қызмет көрсету шеңберінде қосымша білім беру мекемесі (әлеуетті өнім беруші) қызмет көрсету үшін міндетті:

1) бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес оқу сыныптарымен (аудиториялар) ғимараты, арнайы бөлмелер, кабинеттері (музыкалық, спорттық, театралдық, балетка арналған станоктары бар хореографиялық, БӨ-студиясы, цирктік студия) бассейн, лабораториялар, концерттік және басқа залдар, тиісті жиһаздармен қамтамасыз етілген, іс-шаралар, үйірме, клубтық, секциондық және басқа да сабақтар, музыкалық, спорттық және басқа да құрылғылардың тиісті жағдайда болуын;

2) қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық жүргізуге және күзет және бейнебақылау болуына;

3) ғимаратқа, компьютерлік, көшіру-көбейту техникасына, тиісті жабдықтар мен жиһаздарға қызмет көрсету бойынша регламенттік жұмыстар жүргізуді жүзеге асыруға;

14. Іске асыру мерзімдері: 2026 жылы 31 желтоқсанға дейін.

15. Көрсетілетін орны: Талас ауданы Қаратау қаласы, Саңырақ батыр 25

6. Қаржылық операцияларды жүзеге асыруға қойылатын талаптар

16. Қызметті қамтамасыз ету бойынша қызметті үшінші тұлғаға тапсыруға рұқсат етілмейді.

17. Орындалған жұмыстардың актісі мен қаржылық есептер айсайын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылады.

18. Төлем мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес жүргізіледі.

19. есепті кезеңнен кейінгі 10 (тоқсан) күнтүзбелікте, тоқсан сайын еңбекақы төлеу қорының (ҚҚ), қаржылық-шаруашылық (ҚҚС) есептері (тоқсандық және жылдық есеп, дебиторлық және кредиторлық қарыз).

20. жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізілетін жұмыстар туралы ай сайынғы есептерді ұсыну (шығыс, шығысқа түсіндірме, дебиторлық және кредиторлық қарыз, нақты шығыс).

21. мемлекеттік сатып алу туралы есептер ай сайын 25-ге дейін.

Қызмет көрсету мерзімі 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда.